

**"Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының Басқарушы комитетінің құрамы мен ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 33-ө өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 147-ө өкімі.

"Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының Басқарушы комитетінің құрамы мен ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 33-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының Басқарушы комитетінің құрамында:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қаржы министрі" деген жол алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрі";

көрсетілген өкіммен бекітілген "Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының Басқарушы комитеті туралы ережеде:

4-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қордың бас директорының лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау;"

14-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын.

**Премьер-Министр**

*А. Мамин*